

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№11				
<i>Күндері</i>	08 - 12.11.2021				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Жабайы табиғат әлемі/ Мир дикой природы/ World Wide Fund for Nature				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Байсакалова Ш.Ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға қарапайым тақпақтарды жаттатудың маңызы".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, құрап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; су құйғыш арқылы суаруды көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; ормалды ілетін орнынның суретін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын өздері сабындап, су ағымы астына қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене бөлшектеріне, қимылына, азықтану әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Ұзын аяқ, ұзын құлақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балаларды тақпақты, "Көжек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу. - Ұзын аяқ, ұзын құлақ, Күртешесі сұр, жұмсақ, Қорқақ, қыли көздері, Ұстай алмаймыз, қуаласақ. Д. Ахметова"	"Аю" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балаларды тақпақты, "Аю" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу. Құралдар: аю ойыншығы немесе суреті. - Аю қалың орманда. Қорбаң-қорбаң жүреді, Жеміс-жидек тереді, Ақырып анда-санда. Д. Ахметова	"Кірпіні құрастырайық" дамытушы жаттығу (қысқыштармен жаттығу). Мақсаты. Балаларға кірпінің қатпа қағазынан қиылған кескіні бойына қысқыштар көмегімен тікендерді қадауға үйрету; жасалып болған кірпі бейнесіне қарап, педагогтің соңынан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін дамыту. "Кірпі" Үсті ине тізілген, Қолмен ұстай болмайды. Сабағынан үзілген Ошағаннан аумайды. С. Сәрсенов	"Көжек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды тақпақты, "Көшек" ойыншығына қарап, эмоциялық күйде педагогтің сөзіне, қимылдарына еліктеу әдебіне баулу. Құралдар: көжек ойыншығы немесе суреті. - Көжек, көжек, көжегім, Ішесің бе көжені? - Жоқ, мен көже ішпеймін, Сәбізді қытырлатып жеймін. Сәбіз қатты, бірақ тәтті. Д. Ахметова	Сурет бойынша әңгімелеу. Мақсаты. Қоянның суретіне қарау, дене бітімін зерттеу жаттығуы. Балаларды суретті сүйемелдеу сөздер және көзбен қарап қабылдау арқылы қоян туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. - Қоянның арманы мықты, Орманнан ытқып шықты. Үйіне қайтайын десе, Адасып, жолды ұмытты.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ойындар,	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар				

ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жабайы табиғат - Аңдарға туған атырап. Аңдар орман-далада мекендейді, Адамға жақын келмейді. Аңдарды бақылайық, Тіршілігіне қарайық. Д. Ахметова				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Кірпі". Мақсаты. Балаларды кірпі кескінін бақылай отырып, қысқа тура сызықтарды,"инелерді", кірпінің үстіне белгілі қимылдармен салуға үйрету; сызықтың ұзындығын анықтауға жаттықтыру; педагогпен бірге ойын арқылы сурет салу тәсілдерін қабылдай білу икемділігін арттыру; кірпінің орманда мекендейтіні жөнінде түсінік беру. <i>"Кірпіге сыйлық жинап берейік" зейін жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Жарысайық, аюмен!". Мақсаты. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. <i>"Аюменен жарысайық жүгіріп" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Көжек". Мақсаты. Балаларға көжектің тіршілігі жөнінде ұғым беру; көжек туралы тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; жабайы табиғат туралы қысқаша түсінік беру . Балалардың көжек туралы тақпақ арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту. <i>"Көжекке не береміз?" жаттығуы.</i> Музыка. "Кірпі". Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; өнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру. <i>"Не қалай дыбыстайды?" ойыны.</i>	Сенсорика. "Көліктегі аңдар". Мақсаты. Балаларды сенсорикалық нысандардағы түсі мен пішінінде айырмашылықтар бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратып, салыстыруға үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін бақылап, біртұтас бейнені көріп, жетпейтін бөлшектермен толтыруға дағдыландыру; салыстыру және құрастыру барысында тапсырмаларды сөздік нұсқама не үлгі нысанына сүйеніп, орындауға жаттықтыру. <i>"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Көпірден құлап кетпейік". Мақсаты. Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетіне тәрбиелеу. <i>"Аюменен жарысайық жүгіріп" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Тиін". Мақсаты. Балаларды тиінмен таныстырып, оның тіршілік ерекшелігі туралы түсінік беру; ойындар барысында орман жағдайындағы жабайы аң тиін көрегін таңдауға талпындыру; тиінді (бақта болса) балаларға сыртынан бақылату. <i>"Тиінге жаңғақ сыйлайық" шығармашылық рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Тура бағытта жүреміз". Мақсаты. Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру дағдыларын оқу қызметінде қайталау; жүру икемділіктерін, дене және аяқ бұлшықеттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділіктерін арттыру; табиғатты аялап, құрметтеуге ынталандыру; балалардың жаттығуларды қайталану арқылы, оқу қызметін бекіту. <i>"Кім жылдам?" қимыл ойыны.</i>	Жапсыру. "Қонжықтың сылдырмақтары". Мақсаты. Балаларға домалақ және сопақша пішіндерінен тұратын қонжықтың сылдырмақтарының бейнесін жапсыруды үйрету; сылдырмақты қағаз бетіне тіке орналастыруға бейімдеу; желімдеу және майлықты қолдану техникасын қалыптастыру; қонжықтың жүрісі туралы түсінік беру; түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне деген қызығушылықты арттыру. <i>"Қонжық әні" рефлексиясы.</i>

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Өлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау) Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе - қашады. (саусақтарды алға қарату, кезек соққылау) Д. Ахметова	Ойын-имитация. "Кірпіжан". Мақсаты. Балаларға ортақ ойын барысында кірпі кейіпкеріне жағымды эмоциялық қатынасын білдіруге ынталандыру, педагогтің соңынан сөздерді мен қимылдарды қайталап жүру дағдыларын қалыптастыру. Құралдар: кірпінің суреті немесе ойыншығы. - Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? - Жолым көп, жолым көп, Қоректі іздеймін. Қорек көп, қорек көп Тауып алып, жеймін. Д. Ахметова	"Үйшік" ертегісін мәнерлеп оқып беру. Мақсаты. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерлердің әрекеттеріне эмоционалды жауаптарды ояту. Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры саханалауға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тіреушелері, ширма.	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсаты. Баланың көз дәлдігін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.	"Үйшікке қандай кейіпкерлер келді?" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балалардың "Үйшік" ертегісінің желісі жөнінде білімдерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту. Құралдар: "Үйшік" кейіпкерлерінің жеке суреттері (кескіндері), үйшіктің суреті. Педагог "Үйшік" ертегісінің және басқа ертегісінің кейіпкерлерін қатарға салып береді, балалар ертегінің кейіпкерлерін танып, кезегімен атап жатады.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке-даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	- Құстар, құстар, келіндер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Өнді салып беріңдер. Д. Ахметова	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	- Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе?.. - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин	"Сәбіздер". Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп, бағандарды есу амалдарын игерту.	Ойын-имитация. "Кірпіжан". - Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? Д. Ахметова

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Балаға жабайы табиғат өкілдерін таныстыру", "Жабайы аңдар және олардың төлдері", "Балаға қарапайым тақпақтарды жаттатудың маңызы".
---	---

Тексерген : Бекишева М А 